



201__ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі «__» _____ 201__ г.

№ _____

19.10.2017-ғы № 20-34/2555 шығыс хаты

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2017 жылғы 21 қыркүйектегі
№ ДС-203 хатқа

Құрметті депутаттар!

Сіздердің балабақшалардың жұмыс режимін ұйымдастыруға қатысты депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймын.

Бүгінгі күні контингенті 859,7 мың баланы құрайтын 9844 мектепке дейінгі ұйым, оның ішінде 7053 мемлекеттік және 2791 жекеменшік мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді.

«Білім туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 2-тармағының 24-7) тармақшасына және 3-тармағының 24-2) тармақшасына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары Білім беру ұйымдарының ішкі тәртібінің үлгілік (бұдан әрі - Қағида) қағидаларын бекітті.

Қағидалардың негізінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдары ішкі еңбек тәртібінің қағидаларын бекітті, онда білім беру ұйымы жұмысының басталу және аяқталу уақыты айқындалған.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының ¹ (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) 29-тармағына сәйкес баланың мектепке дейінгі ұйымға бару режимі мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналардың немесе оның заңды өкілдерінің арасында жасалған шартта айқындалады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарында² қызметкерлердің штат бірліктері 9 сағаттық, 10,5 сағаттық, 12 сағаттық және 24 сағаттық жұмыс күнінің (бес күндік жұмыс аптасында) ұзақтығын ескере отырып көзделген.

Балабақша сағат 19.00-ге дейін жұмыс істеу үшін күніне 12 сағаттық жұмыс режимі қажет.

Бүгінгі күні Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай,

¹Үкіметтің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген

²Үкіметтің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген

Павлодар облыстарында 12 сағаттық (бес күндік жұмыс аптасында) жұмыс күнімен істейтін мектепке дейінгі ұйымдар бар.

Астана қаласы әкімдігінің ақпараты бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қаржыландырудың жетіспеушілігіне байланысты 10,5 сағаттық режимімен жұмыс істейді, өйткені Үлгі штаттарға сәйкес мектепке дейінгі ұйымның 10,5 сағаттан 12 сағаттық жұмыс күніне өтуі тәрбиешілердің (2,25 бірліктен 2,5 бірлікке дейін) және тәрбиешілер көмекшілерінің (1 бірліктен 1,25 бірлікке дейін) штатын көбейтуді және жергілікті бюджеттен қосымша қаржыландыруды қажет етеді.

Бұл ретте, Үлгілік қағидалардың 26-тармағының б) тармақшасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның басшысы ақылы негізде жүзеге асырылатын балалардың мүдделерін, отбасының қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қосымша көрсетілетін қызметті ұйымдастыра алады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктеріне 12 сағат жұмыс істейтін балабақшалардың жұмысын ұйымдастыру және ата-аналармен келісе отырып, кешкі кезекші топтардың қызметі туралы мәселені қарау жөнінде хат жолдады *(2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 4-11-6/3252-II)*.

Қазіргі уақытта Астана қаласының әкімдігі мектепке дейінгі ұйымдар көрсететін ақылы қызметтер тізбесіне кешкі сағаттарда кезекші топтардың жұмысын енгізу туралы мәселені қарауда, бұл мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысын сағат 19.00-ге дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Білім және ғылым министрлігі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктерімен бірлесіп Сіздер көтеріп отырған мәселе бойынша жұмысты ары қарай жалғастыратын болады.

Е. Досаев